

Ақтөбе облысы білім саласында сапаны  
қамтамасыз ету департаментінің басшысы  
Г.А.Сарсенгалиеваға  
«Қарашатау жалпы орта білім беретін орта мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
директоры А.О.Бихановадан

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті 2024 жылдың қазан айының 22-29 күндері жүргізілген мемлекеттік аттестация қорытындысы бойынша «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрық 2-тараудың 9-тармағы және 13-тармағының талаптары сақталмағандығы бойынша кемшіліктерді жою туралы мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы 29 қазандағы №201 хаттамасының шешіміне сәйкес мектепте жоспар құрылып, сол жоспар негізінде жұмыстар атқарылды.

**Кемшілікті жою бағытында атқарылған жұмыстар:**

Аталған кемшіліктерді түзету бойынша мектеп әкімшілігі пән мұғалімдері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-тарауы, **9-тармақ** «Сабакта БЖБ орындау үшін өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, эссе, диктант, мазмұндама, шығарма, тестілеу және басқалар) мен уақытын педагог дербес айқындаиды. БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек», **13-тармак** «Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді» талабына **сәйкес кемшіліктерді жою бойынша тиісті шаралар қабылданды**. **Әдістемелік бірлестіктермен бірлесе отырып семинар, отырыстар, түсіндіру жұмыстары жүргізілді**. Мұғалімдердің жұмысы бақылауга алынды.

«Қарашатау жалпы орта білім

беретін мектебі» КММ директоры:

А.О.Биханова

